



Алақол

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№10 (8096) 09. 03. 2024.
Сенбі / Суббота

Даря цветы, желаем счастья!



Отчеты акима

Продолжить динамику роста



Ушбулакский сельский округ

Согласно утвержденного графика в районе продолжают отчеты акима района перед населением.

В своем выступлении руководитель района А. Абдинов отметил, что в данном округе для повышения благосостояния населения, развития животноводства, малого и среднего бизнеса прилагается немало усилий. Обсудили на встрече и планы на будущее. В селе прилагаются усилия для снижения уровня безработицы и ведется работа по созданию новых рабочих мест.

Присутствующие в зале сельчане задали ряд вопросов. Аким района А. Абдинов совместно с компетентными лицами дали развернутые ответы на них, в частности жителей интересовало: оформление документов на недвижимость, зимнее содержание дорог Коктума – Ушбулак, и сфера здравоохранения. А сельчане в свою очередь, дали положительную оценку деятельности акима района А. Абдинова за истекший период.

Токжайлауский сельский округ

С большим вниманием прослушав доклад акима района А. Абдинова о социально - экономическом развитии токжайлауцы.

Стоит отметить, что достаточно продуктивно была организована работа на селе, о чем свидетельствует нынешний итоговый отчет его руководителя. Благодаря налаженному процессу наблюдается положительная динамика социально – экономической сферы, а также были высказаны одобрительные мнения об изменениях, произошедших в различных сферах в прошедшем году.

Поблагодарив за проделанную масштабную работу, жители Токжайлауского сельского округа обратились с просьбой о необходимости проведения ремонтных работ автомобильной дороги областного значения «Кабанбай-Коктума». Руководством района был разработан ПСД для проведения среднего ремонта автомобильной дороги областного значения «Кабанбай-Коктума» протяженностью 20-40 километров, предусмотрены средства за счет бюджета Управления пассажирского транспорта и автомобильных дорог Жетысуской области.

(Продолжение на 2 стр)

Аудан әкімі А.Абдиновтың халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтауы

Ардақты аналар, ақ жаулықты әжелер мен аяулы арулар!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Көктемнің шуақты мерекесі қашанда жүрегімізді мейірім мен шапағатқа, сүйіспеншілік пен ізгілікке бөлейді. Біз жыл сайын осы күні адамзатқа әсемдік сыйлайтын әйелдер қауымына ықылас-ілтпатымызды білдіріп, ақ тілек арнауға асығамыз.

Сіздер әлемге жылулық пен жарасым сыйлап, жақын жандарыңызды махаббатқа бөлейсіздер. Аяулы аналарымыз өскелең ұрпақтың бойына адамгершілік құндылықтарды сіңіріп, оларды еңбекқор, білімпаз болуға тәрбиелейді.

«Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді», - деп бекер айтылмаса керек. Бүгінде сіздер, әсемдік әлемінің үлгісіндей сымбатты қалыптарыңызды сақтай отырып, шаңырақтың шырайын келтіретін Отанасы – аяулы ана, адал жар, үлгілі қызметкер бағыттарын қатар алып жүрсіздер. Ұлттың мәдени кодын сақтаудың символы және патриоттық тәрбиенің негізгі кезі болып табылатын Ананың рөлі әрқашан маңызды.

Ардақты аруларымыз - кәсіпкерлік пен саясат, білім мен денсаулық, ғылым мен өнерді еркін меңгеріп, аударыңызға өсіп-өркендеуі жолында аянбай еңбек етуде.

Әрбір шаңырақтың шаттығын жарастырып отырған аяулы жандарға зор құрмет көрсету - қай ұрпақтың да перзенттік парызы болып қала бермек.

Құрметті аналар!

Ардақты арулар мен әпке-қарындастар!

Көктемнің шуағындай, мейірімнің бұлағындай төл меркелеріңіз құтты болсын!

Сіздерге берекелі ғұмыр, баянды бақыт, шаңырақтарыңызға шаттық пен қуаныш, қызметтеріңізге сәттілік тілеймін!

Әрдайым жадырап, гүлдей құлпырып жүре бергейсіздер!

ПОЗДРАВЛЕНИЕ акима района А.Абдинова с Международным женским днем

Уважаемые матери, бабушки, современницы!

От чистого сердца поздравляю вас с 8 марта – Международным женским днем!

Солнечный весенний праздник всегда наполняет наши сердца добротой и заботой, любовью и милосердием. Каждый год в этот день мы спешим поздравить и пожелать всем женщинам, которые дарят человечеству красоту.

Вы освещаете мир теплом и гармонией, любовью к близким. Наши любящие мамы прививают нравственные ценности подрастающему поколению и воспитывают их, чтобы они были трудолюбивыми, любознательными.

Не зря говорят, что «Женщина качает одной рукой колыбель, а другой мир». Вы, как пример всемирной красоты, создаете в себе образ Родины - милой матери, верной спутницы, являетесь образцом труда. Всегда важна роль матери, которая является символом сохранения культурного кода нации и основным источником патриотического воспитания.

Наши дорогие женщины освоили предпринимательство и политику, образование и здравоохранение, свободно владеют наукой и искусством, неустанно трудятся на благо процветания нашего района.

Уважение к матерям, которые хранят тепло семейного очага, остается священным долгом любого поколения.

Дорогие матери!

Уважаемые сестры!

Поздравляю со светлым и добрым весенним праздником!

Желаю вам счастья, благополучия, семейного благоденствия, успехов в ваших начинаниях!

Благоухайте как цветы и сияйте как солнце!

(Продолжение на 2 стр)

Праздничное торжество

Недавно в доме культуры имени З. Койшыбаевой состоялось праздничное торжество, посвященное Дню благодарности.

В мероприятии приняли участие аким района А. Абдинов, руководители районных организаций и учреждений, представители творческой интеллигенции, ветераны труда, неправительственных организаций.

Аким района А. Абдинов поздравил всех присутствующих с 1 марта - Днем благодарности, отметил историческую ценность этого праздника, имеющего глубокое значение.

Укрепление единства народа Казахстана, воспитание молодого поколения в духе национальных традиций путем привития таких человеческих ценностей, как доброта, дружба, благодарность и уважение - вот главный смысл



этого праздника.

Завершилось торжественное собрание праздничным концертом в исполнении артистов районного дома культуры им.

З. Койшыбаевой, а также воспитанников Центра детского творчества.

Ш. НУКЕБАЕВА.

Продолжить динамику роста

Наряду с этим были освещены задачи на текущий год: работать на снижение уровня безработицы, активная пропаганда по участию в госпрограммах что, естественно, позволит решить вопрос занятости населения.

В своем выступлении аким района А. Абдинов высказал замечания по земельным вопросам, по уровню занятости населения, по недостаточному участию в государственных программах.

Участники встреч, отметив положительную тенденцию и конкретику планов на текущий год, единодушно поддержали предложение - признать работу акима района за отчетный период удовлетворительной.

В завершение аким района провел прием граждан.

Сапақсый сельский округ

С докладом перед участниками отчетной встречи о социально-экономическом развитии вы-

ступил аким района А. Абдинов, который рассказал населению округа о проделанной работе, о достигнутых результатах в сельском хозяйстве, предпринимательстве и других сферах, об инвестициях, вложенных в экономику района, о решении социальных проблем.

В ходе встречи, жители подняли ряд наболевших вопросов, которые требуют незамедлительного решения: в частности, о ремонте Бибаканской средней школы, жилья, безнадзорных собак, пастбищ, освещения и водоснабжения в селе.

В целом, отметим что все встречи в сельских округах носили плодотворный характер. Выступавшие же единогласно дали удовлетворительную оценку работе акима района за отчетный период.

Жители округа смогли обратиться к акиму района с насущными вопросами на приеме, который был проведен после встречи с населением округа.

Ш. АСИНА.



Бос жұмыс орны жәрмеңкесі өтті

Жуырда аудандық ардагерлер үйінің мәжіліс залында бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Бұл шараны аудандық мансап орталығы аудандық прокуратура, сот орындаушылары және жұмыс берушілер, оқу орындарымен бірлесіп ұйымдастырған.

Шара басында аудандық мансап орталығының директоры Л.С. Қосантаева сөз сөйлеп, жұмыс барысымен, жұмыс берушілер және оқу орындарымен таныстырды. Содан кейін аудан әкімінің орынбасары М.Т. Төлеу-

жанов сөз алып, жұмыс орнын таңдауда қателеспеуді, мұқият болуды сұрап, оқу орталықтарының жұмысы туралы сөз қозғады.

Жәрмеңкеге аудан бойынша жұмыс іздеп жүрген және жұмыссыздар қатарынан, оның ішінде 9 пробация қызметінің бақылауында тұрғандар және алимент бойынша борышкерлер бар, барлығы 135 адам қатысты.

Аудандық мансап орталығының мәліметінше, 39 бос жұмыс орындарын ұсынған 13 жұмыс беруші және 3 оқу орындары жұмыссыз жүрген азаматтарға то-

лық мәліметтер берді. Ұсынылған бос жұмыс орындары бойынша 15 адам тұрақты жұмысқа орналасып, 35 адам қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға ниет білдірді, 150 адам наурыз айынан бастап қоғамдық жұмысқа жіберіледі.

Сондай-ақ жұмысқа орналасқан азаматтардың ішінде пробация қызметінің бақылауында тұрған 2 азамат тұрақты жұмысқа орналасты, 4 адам қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға ниет білдірді, 2 адам қоғамдық жұмысқа жіберіледі.

А.ӘБИТҰЛЫ.



Аудандағы коммуналдық саланың хал-ахуалы

Алақөл аудандық әкімдігінің мәжіліс залында «2024 жылғы Алақөл ауданындағы энергетика және коммуналдық саланың хал-ахуалы» тақырыбында баспасөз мәслихаты өтті. Спикер ретінде Алақөл аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы А.О. Жұмабеков сөйледі.

Айта кету керек, бұл баспасөз мәслихаты аудан әкімдігінің әлеуметтік желідегі ресми парақшасында тікелей эфирде көрсетілді. Өз сөзінде А.О. Жұмабеков ауданда тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша мәліметтерді атап өтті. Аудандағы 56 елді мекеннің 48-і ауыз сумен қамтылған. Былтыр Үшбұлақ, Тоқжайлау, Екпінді, Бибақан ауылдарын-

да ауыз сумен қамтамасыз ету үшін құрылыс жұмыстары басталған. 2023 жылы Екпінді мен Үшбұлақта қолданысқа берілген, ал Тоқжайлау мен Бибақанның құрылыс жұмыстары биылғы жылдың үшінші тоқсанында бітіп, тұрғындар сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіледі деп күтілуде.

Сондай-ақ көріз жолдары мен тұрғын үй туралы да сөз қозғады. Тікелей эфирде сұрақ қойғандардың дені тұрғын үй кезегі туралы болды. Сондай-ақ жарықтандыру бойынша да сауал жолданды.

Тікелей эфир аудандық әкімдіктің парақшасында сақталуы. Қандай-да бір сауал болған жағдайда, әкімдіктің баспасөз қызметі тиісті мекемеге сауал жолдап, ресми жауап беруге уәде берді.

А.ӘБИТҰЛЫ.





Жылдың ең керемет мезгілі саналатын көктемнің жайма-шуақ күндерімен таласа келген Халықаралық әйелдер мейрамының жылдың дәл осы мерзімемен тұспа-тұс түсуінің өзіндік себептері де бар. Жер ананың қыстай жамылған құрсауы сөгіліп, бар әлем жаңаша тірлік кешсе, алтын құрсақты аналарымыз да жаңа өмірдің дүние есігін ашуына ұйытқы болмақ. Жұмақтың кілті табандарының астына түскен асыл жандар бір қолымен баласы бөленген бесігін, екіншісімен күллі әлемді тербетіп, төңірегіне тыныштық атаулыны ұйытып отыратыны жасырын емес.

Оларға барлық мадақ, мақтаулар да аздық етері сөзсіз. Анаға деген құрметтің өлшемі немесе құны жоқтығы мәлім. Себебі сәбиі үшін ажалмен де арпалысуға өзін тұратын олардың қайсарлығы мен жанқиярлығы ешқандай байлыққа бергісіз.

Қыз баласы – қыдыр иесі

Күн арқаны қыздырып, топырақ бетінің көбігі шығар мезгіл. Жылы қоныс іздей кеткен құстардың туған жеріне оралатын кезеңі. Төрт түлік төлдеп, абыр-сабыр тірліктің қазаны қайнаған мезет. Ақ мамықтың астында мүлгіген жер-анамыз жаңаша тыныс алып, төңірекке мамыражай тірлік сыйлаған көктемнің алғашқы күндерімен таласа Халықаралық әйелдер мерекесі де келді. Құрсақтарына құт дарыған аналарымыз бен әр әжіміне өнеге тұнған өз әжелеріміздің төл мейрамы дүние жаратылысының мәйегін ұстаған асыл жандардың құрметін еселеп тұратыны жасырын емес.

«Әлемді сұлулық құтқарады» демекші, бар бітім-болмысы кербездікті, әдемілікті насихаттап тұратын әйелдер қауымына танданбасқа шара жоқ. Әсіресе, қылығымен қырық жігітті сұлатып тастайтын қазақ қыздарына қайранбыз. Ал көктемнің шуақты күндерімен сабақтаса келетін төл мейрамдары олардың құрметін еселеп, қадірін арттыратыны сөзсіз.

Шежіреде аттары қалмағанымен, шежіредегілерді құт ұйыған құрсағында тоғыз ай көтеріп, қалған ғұмырында жүрек қағысының әр лүпілінде сақтайтын, тал бесіктен тәрбиенің уызына жарытар, қасиетінің алдында мәңгілік мұз жамылған Хантөңірінің де қары сөгілетін, ұлдарын ұлықты, қыздарын қылықты қылып құндақтап жеткізген аналарымыз бен әжелеріміздің, одан қала бере көркіне көзің сүрінер қазақтың кербез



аруларының төрге озған төл мерекесі ең таңғажайып мейрам екені сөзсіз

Қыс мезгілінің құрсауы сөгіліп, төңірекке сұлулық сәулесін төгіп көктем келісімен, бар жаратылыс құрметі мен ілтипатын әйелдер қауымына арнайды. Бір-бір үйдің шырағы болып жарқырып, гүлі болып жадырап жүрген бұрымдылар мейірімді ана, асыл жар, отбасының ұйытқысы ғана емес, мемлекетіміздің дамуына өзіндік үлестерін қосып жүрген іскер жандар ретінде де бағалануда.

Әйел әрқашан халықтың ар-ожданы, ізгіліктің, нәзіктіктің және және дархан көңілдің көрінісі болып келді және болып қалмақ, бүгінгі мереке оларға деген шынайы құрмет белгісі. Әйел өзінің табиғатынан-ақ кішіпейілдіктің, жоғары адамгершіліктің және мейірімділіктің айнасы. Сондықтан ол бүкіл қоғамның арқауы ретінде келісім мен тұрақтылықтың нығаюына ықпал етеді.

Шығыста «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» дейді. Тәуелсіз еліміздің ұл-қыздарын тәрбиелеп, азаматтарға сенімді тірек болып, қоғам ісіне білек сыбана кірісіп, қиын қыстау кезде демеу болып жүргендеріңіз үшін әйел қауымына алғыс айтамын.

Көктемде арулар қоса құлпырады. Ерлерге оны көрсін деп көз, сүйсін деп жүрек беріпті. Құдай шебер осынша көл-көсір сұлулықты

көз алдымызға үйіп-төккен. Осының бәрі Алла нұрының Жер бетіне түскен тек жүзден бір ғана Нығметі дейді. Бір-ақ пайыз! Соның өзі-ақ Жер бетіндегі тіршілік отын жағуға жетіп жатыр. Сол бір пайыз нұр арқасында Жер бетінде өмір шеруі тоқтаусыз, толассыз салдыртып келеді. Сол шеру сәнді-салтанатты болсын деп, Алла тағала Хауа анамызды жаратқанда оның дидарына нәзік нұр сүйкепті. Содан Хауа ана сұлулығына Адам атамыздан бастап адам назары сұқтанумен келеді.

Барша алақалдық аруларды осынау төл мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Еліміздің дамуына жолында ерлермен қатар елеулі үлес қоса берейік. Мейрам құтты-қайырлы болсын.

Қоңыржай КСТАЛАСОВА,
аудандық қоғамдық кеңес
терайымы.

Қарулы қызметтегі нәзік ару

«Әйел бір қолымен әлемді тербетсе, екінші қолымен бесікті тербетеді» деген сөздің төркіні рас. Жаугершілік заманда қолына қару алған арулардың болғанын Томирисден бастап Әлия мен Мәншүкке дейін дәлелдеп кетті. Бүгінде бейбіт күніміздің тыныштығын күзеткен әскери қызметтегі аруларымыз да жетерлік. Үйі мен елге қызметті қатар алып жүрген батыр қыздардың еңбегі зор. Сондай ержүрек азаматшамыздың бірі – Салтанат Бөлешқызы Рахимбаева.



Кадрлар қызметінің сержанты, Ұлан 3 сынып сержанты Рахимбаева Самал Бөлешқызы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында 1997 жылдың 1 желтоқсанынан бастап қызмет етіп келеді. Әскери қызметін 21035 жеке барлау батальонында сарбаздар асханасында аспаз болып бастаған. 2003 жылдан бастап сол бөлімнің тыл бөлімінің жауапты орындаушысы лауазымын атқарды. Ал 2004-2005 жылдары азық-түлік және киім-кешек қоймасының бастығы лауазымында болды. 2005 жылдың тамыз айында 40398 әскери бөліміне азық-түлік қоймасының бастығы лауазымында, ал 2014 жылы материалдық-техникалық қызметінің сержанты лауазымына тағайындалған.

Сондай-ақ 2020 жылдан бастап кадрлар қызметінің сержанты лауазымын атқарып келеді. С.Б.Рахимованың осы жылдардағы еңбегі де елеусіз қалмай, түрлі марапаттарға да ие болған. Мысалы, 1,2,3 дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медальдарымен және 2018 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақстан Қарулы Күштерінің ардагері» медальын таққан.

Бұл әскери қызметтегі С.Б.Рахимова жұмысының бір пара-



сы ғана. Ер азаматтардың өзі әскерден жалтарған заманда, сапқа тұрып, қару асынған нәзік жандылар бейбіт күннің батыры десек қателеспеспіз. Осынау жайма-шуақ көктем мерекесін алаңсыз қарсы алып, қуанышпен тойлағанымыз да осы ел тыныштығын күзеткен әскерилердің арқасы. Ел басына күн туса қолына қару алып, ерлермен терезесі тең отанын қорғауға аттанатын ана-апа, әпке-қарындастарымыз елдің мақтанышы, ұлттың бет-бейнесі. Болашақ ұрпаққа патриоттық сезім ұялатып, отансүйгіштікке тәрбиелеген азаматшаларымыз әрқашан биіктен көрінсін!

А.СҮЛЕЙМЕН.

Полная зазора и огня!

В канун Международного женского дня хочется рассказать о замечательной женщине - Вишняковой Руфине Хафизовне. Моя героиня работает в Лепсинском филиале РГУ «Жонгар - Алатауский государственный национальный природный парк» инженером экологического просвещения и туризма. Но это, как говорится, основная работа. А сколько общественной лежит на ее плечах?!

Руфина считает, что многое ей дали и до сих пор помогают родители: Фаварисовы Хафиз Газизович и Фаварисова Фаузия Рафиковна, свекор - Вишняков Тауфик Максатович и свекровь Наиля Александровна. Все ее начинания и успехи уверена Руфина - от родителей. Папа был мастером-пекарем, мама-технолог-кулинар учили ее житейским делам, свекровь-медсестра помогала растить сына, Тауфик-бабай не отходит от внука, учит его мастерить по дереву. Кстати, сама Руфина в 5-7 классах ходила с сестрой Кариной в кружок «Арабской графики» и сделала заметные успехи в изучении арабского алфавита и татарского языка.

В 2008 году закончила среднюю школу, в этом же году ее пригласили на должность художественного руководителя в Дом

культуры Лепсинского сельского округа, так с 1 августа была начата ее трудовая деятельность. Почти 5 лет Руфина проработала художественным руководителем. Параллельно училась в Жетысуском государственном университете имени Ильяс Жансугурова на факультете туризма. Вышла замуж за Ильнура Вишнякова, красавца-здоровяка, он служил в Национальной гвардии, стал контрактником - пограничником.

В 2013 году Руфина была приглашена на должность начальника отдела рекреации, туризма и экологического просвещения. Вот так уже 11 лет работает в Лепсинском филиале РГУ «Жонгар - Алатауского государственного национального природного парка». Ею разработаны уникальные туристические маршруты посещения Национального парка, оформлен и работает



музей, где собраны многочисленные образцы флоры и фауны нашего региона, на ее попечении гостевые дома, лесной питомник и многое другое. Благодаря ей значительно увеличился поток туристов в наш регион. Всех она приветливо встретит, все объяснит и покажет.

И все у Руфины Хафизовны получаются на «хорошо» и «отлично». У нее уже множество поощрений. Только за 2023 год она заслуженно получила пять различных

наград. Среди них Почетная грамота профсоюза работников лесного хозяйства и животного мира - за внесенный вклад в сохранение лесов и развитие лесного хозяйства республики в честь Дня работника леса; благодарность за активное участие в фестивале «Цветение яблони Сиверса»; грамота за внесенный вклад в празднование «Сабантуя - 2023».

Руфина часто слышит много хороших слов за воспитание сына Анвара, ученика 4 класса, активиста класса, участника танцевальных, песенных и спортивных конкурсов. В Лепсинской средней школе мама Анвара заслужила звание «Лучший родитель», она активно сотрудничает с учащимися школы - организует марши парков, экологические акции. С ней всегда интересно в походах в горы, на Жасылколь или в «Щеки». Кстати она стала инициатором по очистке родника Аулие-Тума, где бьет из под горы целебная вода. Раз в месяц читает в школе и по организациям Лепсинска лекции о природе нашего края, о правилах



поведения в лесу. Ее избрали в состав Попечительского совета школы, она постоянный член жюри на многочисленных школьных и сельских конкурсах.

Задорная и веселая находит Руфина и место здоровому досугу. Это и художественная самодельность (песни и танцы), и конечно знаменитая татарская выпечка - хворост, пироги с яблоками-паштеты и бэлиши, катлама и традиционное блюдо семьи Вишняковых-Фаварисовых - вкуснейшие пэрэмэчи. Вечером, перед сном, - чтение произведений классиков - А.С. Пушкина, Тургенева, Гоголя и др.

За активную гражданскую позицию Руфину избрали заместителем председателя ОО «Районный центр татарской культуры Ляйсән». Вот так живет и трудится Вишнякова Руфина Хафизовна. Пожелаем ей дальнейших успехов, здоровья и процветания!

В.ВОРОБЬЕВ.

Еңбек адамы

Ғибратқа толы ғасыр - ғұмыр...

Айбыны асқақ, айдыны жармен соғысқан Алакөлдің төсінде қазақ тарихында алтын тұғыры биік небір тұлғалар түлеген. Күллі ұлттың бағына бола туған арда азаматтардың қатарында майдангер, Ұлы Отан соғысының ардагері, ұстанымы мықты ұлғатты ұстаз – Тайботанов Нұрғызарын да бар.

Алакөлдің асау толқындарына таяу шаңырағын тіктеген Жайпақ ауылында 1924 жылдың 15 наурызында Тайбота Сайболатұлы мен Мәриям Жазықбайқызының әулетінде дүниеге келген.

Жанұялық шежіреге тоқталсақ, ағасы Жақсыбек 1906 жылы дүниеге келген. Майданға аттанып, оралмаған. Шығыс Германияның Оберлоу қаласында жерленген. Ол кісінің ұрпағы Қазақстанның әр қалаларында қызметте. Тағы бір жол сілтер ағасы Тұрар 1919 жылы туған. Соғысқа барып, Молдавияда танкист болған. Майдан даласынан оралмаған, хабарсыз кеткен. Кіші бауыры Әлмен бала кезінде шетінеп кеткен.

Біздің әкеміз Нұрғызарын Жайпақ ауылында бастауыш мектепте оқыған, «Социалды» орта мектебінде 5 сыныпты оқып, 6-7 сыныпты Үшарал қаласындағы Абай атындағы орта мектебінде аяқтаған. 1939-1942 жылдар арасында ауылда Колхоз жұмыстарына араласқан. 1942 жылы 4 қыркүйекте әскер қатарына алынған. Саратов қаласында дайындықтан өтіп, НКВД-ның 5-батыс атқыштар полкінде майданға аттанды. 1945 жылдың қаңтар айынан мамырға дейін НКВД-ның 114 полкінде мерген-атқыш болған. 1945 жылдың мамырынан МВД-ның 127-ші жеке бөлімшесінде 1949 жылдың наурызына дейін «пулеметші» ретінде борышын өтеді. 1949 жылы елге оралып, «Сталин» колхозына келеді.

1961-1962 жылдардан бастап, ұстаздық қызметке кірісті. 1963 жылы Қарабұлақ орта мектебінде, 1964 жылы Еңбекші орта мектебінде, 1964-1970 жылдар аралығында Абай

орта мектебінде 5-8 сыныптарға география және табиғаттану пәнін сабақ берген. Ұлағатты ұстаздың тәрбиесін алған шәкірттер қазіргі таңда еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына барынша үлес қосуда.

1969 жылы Қазақ Мемлекеттік Педагогикалық Институтын «География» пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша аяқтаған.

1971-1984 жылдар арасында М.Төлебаев атындағы орта мектепте алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі ретінде қызметін жалғастыр. 1984 жылы осы білім ордасынан зейнеткерлікке шығып, немерелердің тәлім-тәрбиесіне баса көңіл бөлді.

Аштықтың ащы дәмін, сұрапыл соғыстың қиын қыстау күндерін басынан кешсе де өмірін бала тәрбиесіне арнап өткен ұстаздың бірі.

Алакөл ауданында қаншама оқушының ұстазы бола білді. Әкеміздің алдын көрген азаматтар әлі күнге ыстық ықыласпен сөзін, ісін, ұстанымын, сымбатын еске алады. Ұстаздық еткен жылдарында әкеміз өзінің зор еңбегінің арқасында 1985 жылы Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері төсбелгісінің иегері атанды, сонымен қатар әр деңгейдегі мадақтама, диплом, грамоталарымен марапатталған. Ұстаз бола жүре, мектепте кәсіподақ ұйымын басқарып, әріптестерінің де жағдайын барынша бағамдай білді. М.Төлебаев атындағы орта мектепте алғашқы әскери дайындық пәнінен сабақ беріп, оқушыларға патриоттық тәрбиеге, тәртіпке, салауатты



өмірге баулыды. Әкеміз бен анамыз бізді жан-жақты ізденімпаз етіп бағып-қағып, еліміздің саяси, әлеуметтік өмірін түсіндіре отырып, бағыт-бағдар берді. Зейнеткерлікке шықса да өз қатарластарының арасында беделге ие болды. 1989-2003 жылдар арасында Үшарал қалалық «Ақсақалдар алқасын» басқарды. Қарт ақсақалдардың әлеуметтік, мәдени өмірлерінің қалыптасуына өз үлесін қосып отырды. Асқар таудай әкеміз бен анамыз жетеуімізді, яғни 2 ұл, 5 қызды тәрбиелеп, бойымызға білім нәрін сусындатып, әр қайсымыздың жоғары білім алып, өмірден өз орнымызды табуымызға аса мән берді. Әкеміз ұстаз болғандықтан, біз де сол кісінің жолын қуып, ұстаз атандық.

Үлкеніміз Сания орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, өз заманының майталман ұстазы бола білді, қазіргі кезде зейнеткер ұстаз. Алма Қарабұлақ орта мектебінің директоры, жездеміз Алпысбаев Кенжебек Алакөл аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы. Әпкеміз Ардақ Астана қаласындағы Н.Назарбаев зияткерлік мектебінде жоғары санатты ұстазы, Асыл қыздары Д.Қонаев атындағы орта мектебінде ұстаз. Мақсат Энергетика министрлігінің жұмылдыру дайындығы және азаматтық қорғаныс басқармасының бас сарапшысы, Роза 20 жылдай ҰҚК-де, 2 жыл

Алматы қаласында қызметте. ҚР ҰҚК Авиация қызметінің авиациялық басқармасында қызмет атқарды, қазіргі таңда ҰҚК-нің майор шеніндегі әскери зейнеткері. Кенжеміз Асхат Қарулы күштер қызметі, десантты-шабуылдау әуе-ұтқыр әскери бөлімінің десанты. Әскери қызметті таңдауларында да әкеміздің Алғашқы әскери дайындық пәнінен сабақ бергені әсер етті. Біз кішкентай кезімізде әкеміз сабақ беріп жатқанда қызыға қарап, мақтан тұтатынбыз. Әр қайсымыз үшін әкеміз баға жетпсп байлығымыз, идеалымыз болды. Бүгінде әр балаңыз өз алдына жанұя құрып, балалы-шағалы болып, өмірде өз орнын тапты. Жоғарғы буын ата, аға, әкелеріміздің арқасында келген жеңістің арқасында бүгін біз бейбіт өмір кешудеміз. Әкеміз Ұлы жеңіс мерекесінің 60 жылдық тойлануында Астана қаласына елбасының шақырылуымен барып, президенттің, облыс әкімінің, қорғаныс министрінің марапаттарына ие болған еді. Бүгінгі күні әкеміз бұл өмірден өтсе де жадымызда мәңгілік сақталып қалады. Әкеміз тірі болғанда 100 жастың кемер шыңына шығып отырар еді. 82 жылдық өмірінде қаншама қиыншылықты, ашаршылықты, зұлмат соғыстың зардабын шексе де, әр қиыншылыққа кеудесін тік ұстап, мойымай, өзінің алдыға қойған мақсаттарына қол жеткізе білді. Бізге әкеміздің қажырлы еңбегі үлгі-өнеге!

Әрине бұл әкеміздің туған күні қарсаңындағы перзент сағынышы. Әкеміз жоқ болса да анамыз біздің қасымызда. Әр жеңіс күнінде анамызды ардагердің жұбайын мерекемен құттықтап, жылы сәбилік лебізімізді білдіріп отырамыз. Анамыз ортамызда балаларының, немерелерінің қуанышына кенеліп, әлі де ұзақ жасай берсін. Әкеміз білім саласының үздігі болса, анамыз сауда саласының озық қызметкері атанды. Екі үздік адамның балалары өмірде де алғы шепте болуға міндеттіміз деп ойлаймын. Әр жеңіс мерекесінде әкемізді еске алып, құран бағыштап, еске аламыз. Әкеміз бен анамыздың өмірі біз үшін ғибрат. Әкеміз силаған бейбіт өмірде біз лайықты өмір сүріп, жалғастырамыз. Әке - біз ұрпағыңыз Сіздің балаңыз болғанымызға мақтан тұтамыз.

Майдангер-ұстаздың ұрпақтары.



Кезек брондаудың жаңа әдісі

Жетісу облысында мамандандырылған ХҚКО-ға кезекті брондаудың жаңа әдісі танымалдыққа ие болуда.

Мамандандырылған ХҚКО-да емтихан тапсыру үшін кезекке тұруға «ХҚКО» қосымшасы арқылы үш жүзден астам өтініш түскен. Енді азаматтарға алғаш рет жүргізуші куәлігін алу үшін орталыққа хабарласудың қажеті жоқ. Олар мұны қосымшаның «Бейне қызметі» батырмасы арқылы онлайн жасай алады.

Қызметтің арқасында азаматтар уақытын айтарлықтай үнемдей алады. Мәселен, бұған дейін теорияны тапсыру үшін көрсетілетін қызметті алушы мамандандырылған ХҚКО-ға келіп, талон алып, кезекте тұруы, оператордан өтініш беріп, содан кейін ғана емтихан сыныбына өтуі қажет болатын. Енді бұл кезектерден өтудің қажеті жоқ. Клиент алдын ала брондалған уақытта теориялық емтиханға тікелей келе алады. Ал теорияны сәтті тапсырғаннан кейін «ХҚКО» қосымшасы арқылы тәжірибелік емтиханға кезекке жазыла алады.

Бейне қоңырау арқылы кезекке тапсырыс беріп қана қоймай, жүргізуші куәлігін алу үшін құжаттардың сканерленген көшірмелерін де бере алады. Оның ішінде медициналық анықтама, қызмет алушының фотосуреті, қойылған қолының үлгісі, автомектепті аяқтаған болса, оқығаны туралы анықтама, мемлекеттік бажды төлегені туралы түбіртек бар. Барлық құжаттар диалогтық терезеде тіркелуі керек.

Айта кетер болсақ, қосымшаны Google Play және App Store-дан жүктеп алуға болады. Елімізде осы күні оны 350 мыңға жуық қолданушы орнатып үлгерген.

Ақбота ОҚАСОВА, «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалының PR-менеджері.

ЖОБА

Алақол аудандық мәслихаты ШЕШІМ

Алақол ауданының елді мекендерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту туралы (салық салу мақсатында)

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 8 бабының 1-1, 2 тармақтарының және 9-11 бабтарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, Алақол аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алақол ауданына қарасты елді мекен жерлері және Ушарал қаласы бойынша жер учаскелерін аймақтарға бөлу жобалары (схемалары) шешімнің №1,2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алақол аудандық мәслихаттың «Депутаттық өкілеттік, бюджет, экономика, заңдылықты сақтау, құқықтық қорғау және қоғамдық ұйымдармен байланыс жөніндегі» тұрақты комиссиясының төрағасына жүктелсін.

3. Алақол аудандық мәслихатының 2012 жылғы 13 сәуірдегі №3-5 шешімінің күші жойылсын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алақол аудандық мәслихатының төрағасы

Д.Е.КАРИМОВ.

ПРОЕКТ

Алакольский районный маслихат РЕШЕНИЕ

Об утверждении проекта (схем) зонирования земель населенных пунктов Алакольского района (для налогообложения)

В соответствии с пунктами 1-1, 2 статьи 8, а также статей 9-11 Земельного кодекса Республики Казахстан от 20 июня 2003 года, подпунктом 13) пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Алакольский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Утвердить прилагаемые проекты (схемы) зонирования земель населенных пунктов Алакольского района и города Ушарал, согласно приложениям №1,2 к настоящему решению.


2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на председателя Постоянной комиссии Алакольского районного маслихата «по депутатским полномочиям, бюджету, экономике, соблюдению законности, правовой защите и связям с общественными организациями».

3. Отменить решение №3-5 от 13 апреля 2012 года районного маслихата Алакольского района

4. Настоящее решение вступает в силу по истечению 10 (десяти) календарных дней после его первого официального опубликования.

Председатель

Алакольского районного маслихата Д.Е.КАРИМОВ.



ЖОБА

Алақол аудандық мәслихаты ШЕШІМ

Алақол ауданы бойынша жер салығының базалық салық мөлшерлемелерін арттыру туралы

Қазақстан Республикасы Кодексінің 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Салық кодексінің 505, 506-баптары және 510-бабының 1-тармағы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, Алақол аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерді аймаққа бөлу жобалары (схемалары) негізінде, Алақол ауданы бойынша жер салығының базалық салық мөлшерлемелері №1 кестеге сәйкес арттырылсын;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алақол аудандық мәслихаттың «Депутаттық өкілеттік, бюджет, экономика, заңдылықты сақтау, құқықтық қорғау және қоғамдық ұйымдармен байланыс жөніндегі» тұрақты комиссиясына жүктелсін;

3. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Алақол аудандық мәслихатының төрағасы
Д.Е.КАРИМОВ.

ПРОЕКТ

Алакольский районный маслихат РЕШЕНИЕ

О повышении базовых налоговых ставок земельного налога по Алакольскому району

В соответствии со статьями 505,506 и пункта 1 статьи 510 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый Кодекс)» от 25 декабря 2017 года, подпунктом 13) и пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Алакольский районный маслихат **РЕШИЛ:**


1. На основании проектов (схем) зонирования земель проводимого в соответствии с земельным законодательством Республики Казахстан, согласно приложения №1 повысить базовые налоговые ставки земельного налога по Алакольскому району;

2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на постоянную комиссию Алакольского районного маслихата «по депутатским полномочиям, бюджету, экономике, соблюдению законности, правопорядка и связи с общественными организациями» ;

3. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2025 года.

Председатель Алакольского районного маслихата

Д.Е.КАРИМОВ.



Алақол ауданы бойынша 53 елді мекен 53 населенных пунктов по Алакольскому району

№	Алақол ауданының қарасты елді мекендер тізімі/список насел. пунктов по Алакольскому району	қолданыстағы салық мөлшерлемелері/налоговые ставки в применении	Болжамды (арттыру) салық мөлшерлемелері/прогнозируемые налоговые ставки	Енгізілетін салық мөлшерлемелері/вводимые налоговые ставки
1	Ушарал қаласы	5,79 тг *50 %	2,895 тг	=72 теңге
2	Ақжар ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=0,62 теңге
3	Ақтүбек ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
4	Архарлы ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
5	Бескөл бекеті/станция	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
6	Бұлақты ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
7	Достық ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
8	Екпінді ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
9	Еңбекші ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
10	Қазақстан ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
11	Жанама ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
12	Жайпақ ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
13	Жыланды ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
14	Қабанбай ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
15	Қамысқала ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
16	Көлбай ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
17	Ж.Балапанов ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
18	Қайнар ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
19	Лепсі ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
20	Сапақ ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
21	Теректі ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
22	Тоқжайлау ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
23	Талдыбұлақ ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
24	Қарабұлақ ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
25	Ынталы ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге

26	Көктұма ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
27	Ақши ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
28	Қоңыр ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
29	Қызылқайын ауылы/село	0,48тг*30 %	0,14 га	=62,4 теңге
30	Бұдыр ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
31	Үшбұлақ ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
32	Шынжылы ауылы /село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
33	Көкжар ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
34	Үшқайың ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
35	Бибақан ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
36	Майлышат ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
37	Әшім ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
38	Байзерек ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
39	Әлемді ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
40	Қарлығаш ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
41	Майқан ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
42	Жамбыл ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
43	Айпара ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
44	Бесағаш ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
45	Шымбұлақ ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
46	Алақол ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
47	МТФ-3 елді мекен/насел. пункт	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
48	Кенес ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
49	Жүнжүрек ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
50	Ұялы ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
51	Қаратұма ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
52	Ескі Жанама ауылы/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге
53	РЗД-13/село	0,48тг*5 %	0,14 га	=50,4 теңге

Азаматтық борышымыз

Бүгінде өзекті мәселелердің бірі - сыбайлас жемқорлық. Бұл індетті жою үшін өңірімізде түрлі шаралар өткізілуде. Еліміздің қауіпсіздігі жемқорлықпен тікелей байланысты. Жемқорлықтың белең алуы тәртіптің әлсіреуінен туындауда.

Жемқорлық - індет, жою - міндет. Сондықтан да онымен күресті тек заң қызметкерлері ғана жүзеге асырады деп

бойымызды аулақ салмай, бірлесе күресу баршамыз үшін маңызды іс.

Сыбайлас жемқорлық – ұлтымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің халықаралық беделіне, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына елеулі нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс. Жемқорлықпен күрес кез келген қоғам үшін әрқашан өзекті әрі ғаламдық мәселе.

Еске алу



Өмір – бірде қуанышын төбеңе үйіп төге салса, екіншіде қабырғанды қақ айырып, тосыннан қайғы-мұңға тұншықтыра салатыны да рас. Жалынды шағында сәулесі сөніп, арамыздан ерте кеткен **Өскенбаев Дәулетхан Құрманбайұлының** бақилық болғанына да міне 27 жыл толды.

Амалқанша, ескірімес естеліктер болып қалған ескі фотоларына қарап қимастықпен ғана еске аламыз. Көзі тірісінде ағайын-туыстың арасында алтын көпір болып, жақындарын жанына тартып жүретін бауырмал, аса мол мейірім иесі болып еді. Кез келген істің икемін тауып, еңбек майданында қандай қиындық болмасын абыроймен еңсере білді. Қоғам арасындағы да биік абыройы оның тұлғасын өзгелер ерек етіп тұратын.

Арамыздан ерте кеткен Дәулетхан әкеміздің ғұмыры ұзақ болмағанымен мінсіздікке толы өмір сүрді. Жаратқан жаппар иемізден жұмақтан орын беріп, жер төсегін жұмсақ етсін деген дұғадамыз.

Еске алушылар: жолдасы Ырысжан, келіні Рашида, ұлдары мен қыздары, немере-шөберелері.

Адам өмірі ақ-қара жолақты, бірде қуанышпен көмкерсе, екіншіде қайғыға көміп тастайтыны рас. Күні кеше арамызда жүрген, ақылын айтып, батасын ұсынып отыратын анамыз **Күлсімхан Әбдірәсілқызы** мына жарық жалғанмен қош айтысты.

Ардақты анамыздың өмірлік жолы өнегеге толы, ғұмыры ғибратты еді. Адам баласына алалығы жоқ, ақжарма мінезді арда кісі болатын. Амал қанша, мәңгілік мекеніне аттанып кетті. Анамыздың жатқан жері жайлы, орны пейіште болсын деген дұғамызды жолдаймыз.

Барша ағайын-туыс, құда-жегжат, нағашы-жиен, жора-жолдас, дос-жаран, әріптес-көршілер мен анамыздың ақ батасын алған азаматтарды қырық күндік асына шақырамыз. Өтетін орны: Үшарал қааласындағы «Белгібай» қатымханасы. Уақыты: 16.03.2024 жыл.

Еске алушылар: балалары, ағайын-туыс.



Ал онымен күрестің тиімділігін арттыру кез келген мемлекеттің болашағы үшін стратегиялық мәнге ие. Әсіресе бұл серпінді дамып келе жатқан және бәсекеге қабілетті әлем елдерінің қатарына кіруді мақсат етіп отырған біздің еліміз үшін өте маңызды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – барша қазақстандықтардың міндеті болуы керек. Олай болса әрбір азамат қоғамның жанашыры болып, жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуіміз қажет.

Нуржан СУЛЕЙМЕНОВ, Алакөл балық инспекция бөлімінің бас маманы.

Заңсыз жүргендер жазаға тартылады

Қазақстан Республикасы аумағында шетел азаматтарының келу ережелері, тәртіпсіздік пен құқық бұзушылыққа қарсы 2024 жылы наурыз айының 11-15 аралығында «Заңсыз келуші» Республикалық жедел профилактикалық іс-шарасы ұйымдастырылуда.

Іс-шара барысында республика аумағында заңсыз жүрген және келген шетел азаматтарын анықтап, жолын кесу мақсатында теміржол вокзалдарында және жолаушылар поездарында ілеспе жасақ ұйымдастырылып, тексеру жұмыстары жүргізіледі.

ҚР ӨҚБК-нің 517,518,519 баптары және ҚР ҚК-нің 392, 394, 395, 430 баптары бойынша жауапкершілікке тартылатындығы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілетін болады.

Сондай-ақ, көші-қон қызметі бөліністерінің оң имиджін жоғарлату мақсатында Достық ст. ЖПБ КҚҚТ, ӘПБ, КПБ қызметкерлерімен бірлесе, Достық ст.ЖПБ қызмет көрсету аумағында теміржолға жақын тұрған елді мекендерде тексеру жұмыстары жүзеге асады.

Достық ст. ЖПБ

ҚР біріншілігінен күміс жүлде

Алакөл даласы ежелден өзінің қара күштің иесі болған небір батыр-балуандарымен белгілі. Бір қуанарлығы, сол бабалар қанынан дарыған тектілік бүгінгі күнде де өз қуатын жоғалтпағаны. Яғни, қазіргі алакөлдiк жастардың да биік белестерден қол бұлғауы – сол күш-қуаттың көрінісі.

Жуырда Ақтөбе қаласында пара Таевондодан өткен Қазақстан Республикасының біріншілігінде Жетісу облысы мен Алакөл ауданының нар намысын арқаулап барған қызымыз Саяхат Жанерке Асхатқызы ақтық сынға дейін сүрінбей жетіп, өңір мерейін үстем етті.

Соңғы сынның нәтижесі бойынша қоржынға күміс жүлдені салып, бір қуантты. Жас болса да спорт жолында өзіндік торабын қалыптастырып келе жатқан Жанеркенің ертеңінен күтер үмітіміз мол. Жеңіс тұғырына көтерілген қызымызға және бапкері Айдос Ернарұлына тың табыс, жаңа жетістіктер тілей отырып, жүлде құтты болсын деген ізгі ниет білдіреміз.

Жарқырап келе жатқан Жанеркенің алар асулары әлі алда деген сенімдеміз.

Алмат ЕСЕНБЕКОВ.



Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаңыз

Күнделікті қарбалас тірлікте «От пен су-тілсіз жау» деген халық даналығын ескеруге көбіне шамамыз да болмай, кейде оған аса мән бермегеніміздің кінәсінен опық жеп, өкініп қалатынымыз өмірде жиі кездесетін құбылыс. Қайғылы оқиға орын алған жағдайда кімді кінәларымызды білмей, дал болып, өміріміз бен денсаулығымыз үшін, үй-жайымыз бен дүние мүлкімізге жауапкершілігімізді кеш сезіну үйреншікті іске айналғандай.

Бала – біздің болашағымыз, оларды қауіп-қатерден қорғау біздің әрқашан есімізде бола бермейді, ең үлкен қателік баланың сіріңкемен немесе электр қондырғылармен ойнауы.

Баланың тентектігінің нәтижесінде материалдық үлкен шығын және оның денсаулығына зиян немесе орны толмас қайғылар болып жатады. Бәрімізде білеміз, қосылған күйде ұмытылып қалған үтік, баланың қолына түскен шырпы қандай жағдайға әкелетіні белгілі. Сонда да, осы себептерден өрттердің пайда болуы қайталана береді. Баланың отпен ойнауына тиым салу тек қана өрттің

алдын алу емес, олардың бақытты, қуанышты өмірі екенін естерімізден шығармаған жөн.

Адамдар әлі де болса үйге балаларын жалғыз, үлкендердің бақылауынсыз тастап кетіп жатады, әрине, оларды кінәлаудан аулақпыз. Өйткені, әркім өз қамы үшін, күнкөріс жағдайымен жұмысқа кетеді. Ал, балаларын бақшаға берейін десе, кезегі келмей жатады. Сосын амалдың жоқтығынан осындай әрекеттерге барады. Оның соңы кейде орны толмас оқиғалармен аяқталып, әсіресе, жас жеткіншектердің қайғылы жағдайлардан кейін қайтыс болып жататыны бізді қатты қынжылтады.

Демек, отты жақсы қызмет еткендей етіп пайдалануымыз керек те, оның бізге қожалық етуіне жол бермеуіміз керек. Отпен абай болыңыз! Өз үйіңізді және мүлкіңізді өрттен сақтаңыз! Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау – Сіздің үйіңіздегі береке мен тыныштықтың кепілі.

І.ЕРЖАНАТҰЛЫ, Алакөл ауданы төтенше жағдайлар бөлімі аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Меншік иесі: «Алакөл айнасы» ЖШС-і. Құрылтайшы: Ғалым АЗАТҰЛЫ. Директор - Ғалым Азатұлы. Бас редактор - Алмат ЕСЕНБЕКОВ.

Телефондар: Директор: 3-52-63. Бас редактор: 3-52-68. Бас редактордың орынбасары: 3-51-74. E-mail: alakred@mail.ru. Сайт: alakol-aynasy.kz

Газет аптасына бір рет сенбі күні қазақ және орыс тілдерінде шығады. Газета выходит один раз в неделю в субботу на казахском и русском языках.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2021 жылғы 24 желтоқсанда тіркеліп, №KZ34VPY00044522 куәлігі берілген.

Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. ИНДЕКС: 040200.

Осы шығарылымның таралымы 3260

Газет «Алакөл баспагері» жеке кәсіпкерлігінде басылады. Инд.: 040200. Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. Тел.: 3-52-84.